Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 5 маусымдағы № 159-НҚ бұйрығы

Министерство просвещения Республики Казахстан

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жоба туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің педагогтерді аттестаттау рәсімін жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жоба (бұдан әрі – пилоттық жоба) іске қосылсын.

2. Қоса беріліп отырған Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Пилоттық жобаны әдіснамалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді және осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізуді.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру департаменті пилоттық жобаны техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 тамыздан бастап күшіне енеді, жариялауға жатады және 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданылады.

Министрдің міндетін атқарушы **М. Мелдебекова**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің м.а.
2026 жылғы «05» маусымдағы
№ 157-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі пилоттық жобаны өткізудің осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп, пилоттық жоба) білім беру мен инновациялар құндылығы қағидаттарына негізделе отырып, педагогтерді аттестаттау рәсімін оңтайландыру және жетілдіру мақсатында әзірленді.

2. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін, оның нәтижелері бойынша осы Тәртіпке сәйкес біліктілік санаттары берілетін (расталатын) рәсім;

2) аттестатталушы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20400 болып тіркелген) бекітілген Педагогтер лауазымдарының тізбесіне сәйкес, осы Тәртіпке сәйкес біліктілік санатын беруге (растауға) үміттенетін педагог;

3) аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) – педагогтерді аттестаттау рәсімін өткізетін алқалы орган;

4) аттестаттау кезеңі – біліктілік санаты соңғы берілген (расталған) күннен бастап кезекті аттестаттау мерзімі басталғанға немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін жағдайлар болғанға дейінгі уақыт аралығы;

5) біліктілікті бағалау – білім беру ұйымының педагогтің кәсіби цифрлық бейінін біліктілік сипаттамаларына сәйкес барлық құжаттардың болуына қарауы;

6) біліктілік санаты – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының

педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарға (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;;

7) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – педагогтің қызметі мен жетістіктері дәлелдемелерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

8) педагогтердің білімін бағалау (бұдан әрі – ПББ) – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым өткізетін, аттестатталушылардың білімін тестілеу рәсімі;

9) «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының «Ұстаз» ұлттық платформасы» цифрландыру объектісі (бұдан әрі – Платформа) – педагогтің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның платформасы.

10. Педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бес жылда кемінде бір рет өткізіледі.

2-тарау. Аттестаттауды өткізудің шарттары

4. Пилоттық жобаның қатысушылары пилоттық жобаға қатысуға ниет білдірген педагогтер болып табылады:

1)аттестатталуға жататын, 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін ПББ тапсырудың бірінші мүмкіндігі кезінде мәлімделген біліктілік санатына ПББ шекті мәнінен өтпеген адамдар қатарынан;

2)аттестатталуға жататын немесе мерзімінен бұрын аттестатталуға үміттенетін, Пилоттық жоба іске қосылған кезде ПББ-ға тіркелген, бірақ тестілеуден өтуге кіріспеген немесе ПББ-ға тіркелуден өтпеген адамдар қатарынан. Осы тармақтың талаптары кәсіби қызметке алғаш рет кірісетін педагогтерге қолданылмайды.

5.Педагогтер біліктілік санатын беруге (растауға) аттестатталу кезінде өтініш негізінде біліктілікті бағалаудан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

6.Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе тиісті біліктілік беріле отырып педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар педагогтер үшін аттестаттау өту мерзімдері мен біліктілік санатының бірізділігі қағидатын сақтай отырып, Кәсіптік стандартқа және біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.Педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) атқаратын лауазымы бойынша жүзеге асырылады.

8.Білім туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді (дисциплиналарды) оқыту кезінде біліктілік санатын беру негізгі лауазымы бойынша жүргізіледі.

9.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттардың) педагогтеріне біліктілік санатын беру (растау) оқытатын бейініне сәйкес немесе атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

10.Кәсіби цифрлық бейіні сәйкес келген кезде, мыналары бар педагогтер біліктілік санатын беру үшін біліктілікті бағалаудан және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді: «екінші санат» – «педагог-модератор»; «бірінші санат», «жоғары санат» – «педагог-сарапшы».

11.Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді (дисциплиналарды) немесе курстарды педагог оқытқан кезде, оның бұрын алған санаты сақталады.

3-тарау. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін қойылатын талаптар

1-параграф. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне қойылатын талаптар

12. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін педагогтерге мынадай талаптар қойылады:

1) «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін мектепке дейінгі ұйымда кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттер талап етіледі:

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған қызметті жоспарлау және өткізу;

ата-аналарға (өзге де заңды өкілдерге) отбасы жағдайында балаларды дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар беру;

тәрбиеленушілердің машықтары мен дағдыларын дамытудағы прогресті бағалау және қадағалау;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 « Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 болып тіркелген) бекітілген тізбеге (бұдан әрі – Тізбе) немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

білім беру ұйымы деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне қатысу;

білім беру ұйымы және (немесе) аудан (қала) деңгейінде жобаларды іске асыруға қатысу;

педагог-психологтер үшін тәрбиеленушілердің буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған қызметті жоспарлау және өткізу;

тәрбиеленушілердің машықтары мен дағдыларын дамытудағы прогресті бағалау және қадағалау;

ата-аналарға (өзге де заңды өкілдерге) отбасы жағдайында балаларды дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар беру;

тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің және әріптестері тәжірибесінің нәтижелерін бағалау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

аудан (қала) деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне қатысу;

аудан (қала) және (немесе) облыс деңгейінде жобаларды іске асыруға қатысу;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шараларды іске асыру;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған қызметті жоспарлау және өткізу;

тәрбиеленушілердің машықтары мен дағдыларын дамытудағы прогресті бағалау және қадағалау;

тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруінің мониторингі нәтижелеріне сүйене отырып, түзете-дамыту іс-шараларын өткізу бойынша педагогикалық және ата-аналар қауымдастығы үшін ұсынымдар әзірлеу;

конференцияларға, семинарларға және өзге де іс-шараларға қатысу арқылы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде педагогикалық тәжірибені тарату;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана немесе республика деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

облыстық және (немесе) республикалық деңгейлерде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шараларды іске асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

4) «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған қызметті жоспарлау және өткізу;

тәрбиеленушілердің машықтары мен дағдыларын дамытудағы прогресті бағалау және қадағалау;

конференцияларға, семинарларға және өзге де әдістемелік іс-шараларға қатысу арқылы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын құру, әдеп нормаларын сақтау, педагогикалық және ата-аналар қауымдастығымен тиімді ынтымақтастық, сондай-ақ тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің және әріптестері тәжірибесінің нәтижелерін бағалауға негізделген педагогикалық тәжірибені тарату;

ата-аналарға (өзге де заңды өкілдерге) отбасы жағдайында балаларды дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар беру;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма бес жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шараларды іске асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту.

2-параграф. Орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне қойылатын талаптар

13. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін педагогтерге мынадай талаптар қойылады:

1) «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін бейіні бойынша кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттер талап етіледі:

әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақтарды (сабақ, қызмет, іс-шара) жоспарлау және өткізу және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, жарыстарға және кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

білім беру ұйымы деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел

тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақтарды (сабақ, қызмет, іс-шара) жоспарлау және өткізу және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала), облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, жарыстарға, кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

аудан (қала) деңгейінде тәжірибе тарату;

аудан (қала) деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шараларды іске асыру;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі;

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақтарды (сабақ, қызмет, іс-шара) жоспарлау және өткізу;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс (республикалық маңызы бар қала және астана), республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және

салалық мемлекеттік органдардың ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс (республикалық маңызы бар қала және астана), республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, жарыстарға, кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде тәжірибе тарату;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

педагог-психологтер үшін буллинг факторларының, тәуекелдің алдын алу, анықтау және аутодеструктивті және девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) табысты әлеуметтендіруді қамтамасыз етудің нәтижелі тәжірибелерін енгізу және бейімдеу;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

4) «педагог-шебер» біліктілік санатына:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақтарды (сабақ, қызмет, іс-шара) жоспарлау және өткізу;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен басылып шыққан оқулықтардың авторы (тең авторы) болу (бар болса) немесе үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма бес жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде тәжірибе тарату;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы

бекіткен тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде олимпиадаларға, жарыстарға, кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс, волонтерлік және өзге де) топтардың қызметіне және жобаларды іске асыруға қатысу;

педагог-психологтер үшін буллинг, тәуекел факторларының алдын алу, анықтау және аутодеструктивті және девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) сүйемелдеу бойынша тәжірибені жинақтау және практикаларды әзірлеу;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

3-параграф. Техникалық және орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне қойылатын талаптар

14. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін педагогтерге мынадай талаптар қойылады:

1) «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін бейіні бойынша кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттер талап етіледі:

әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақты/сабақтарды жоспарлау және өткізу, сондай-ақ күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, жарыстарға, кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

білім беру ұйымы деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтардың (қоғамдастықтардың) қызметіне қатысу;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім беру ұйымы деңгейінде және (немесе) облыстық деңгейде жобаларға, бағдарламаларға, конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына, WorldSkills чемпионаттарының төрешілігіне немесе сараптамалық қоғамдастығына қатысу;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақты/сабақтарды жоспарлау және өткізу, сондай-ақ күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы, облыс, республикалық маңызы бар қала, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс (республикалық маңызы бар қала және астана), республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, жарыстарға, кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

білім беру ұйымы және (немесе) облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) деңгейінде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтардың (қоғамдастықтардың) қызметіне қатысу;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім беру ұйымы және (немесе) облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) және

(немесе) республикалық деңгейінде жобаларға, бағдарламаларға, конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына, WorldSkills чемпионаттарының төрешілігіне немесе сараптамалық қоғамдастығына қатысу;

педагог-психологтер үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) буллинг, аутодеструктивті және девиантты мінез-құлық факторларының алдын алу және ерте анықтау және оларды жеке сүйемелдеу бойынша шараларды іске асыру;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақты/сабақтарды жоспарлау және өткізу, сондай-ақ күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

білім алушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін кейіннен талдай отырып, білім беру сапасының прогресін қадағалау;

облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде семинарларға, конференцияларға және өзге де іс-шараларға қатысу;

үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, жарыстарға, кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, республикалық маңызы бар қала және астана және (немесе) облыстық және (немесе) республикалық деңгейлерде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтардың (қоғамдастықтардың) қызметіне, жобаларға, бағдарламаларға, конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына, WorldSkills чемпионаттарының төрешілігіне немесе сараптамалық қоғамдастығына қатысу;

педагог-психологтер үшін буллингтің, тәуекел факторларының алдын алу, анықтау және аутодеструктивті және девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) табысты әлеуметтендіруді қамтамасыз етудің нәтижелі практикаларын енгізу және бейімдеу;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың

(тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

4) «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

қауіпсіз және қолайлы дамытушы және білім беру ортасын құру бойынша тәжірибе тарату, әдеп нормаларын сақтаудың жеке үлгісін көрсету;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) құзыреттерін дамыту мәселелері бойынша педагогикалық қоғамдастықта тиімді ынтымақтастық тәжірибесін тарату;

білім беру ұйымындағы зерттеулерді үйлестіру, олардың нәтижелерін педагогикалық қоғамдастықта тарату, әріптестеріне кәсіби дамуында қолдау көрсету;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

басылып шыққан оқулықтардың авторы (тең авторы) болу (бар болса) немесе үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма бес жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, Тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді қоспағанда, республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтардың (қоғамдастықтардың) қызметіне, жобаларға,

бағдарламаларға, конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына, WorldSkills чемпионаттарының төрешілігіне немесе сараптамалық қоғамдастығына қатысу;

педагог-психологтер үшін буллингтің, тәуекел факторларының алдын алу, анықтау және аутодеструктивті және девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) сүйемелдеу бойынша тәжірибені жинақтау және практикаларды әзірлеу;

әлеуметтік педагогтер үшін өмірлік қиын жағдайдағы, әлеуметтік тәуекел тобындағы, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды және сүйемелдеуді қажет ететін білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; диагностикалық және талдамалық құралдарды пайдалана отырып, тәуекел тобындағы білім алушыларды ерте анықтау, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке басының ерекшеліктерін, олардың тыныс-тіршілігінің жағдайларын зерделеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ олардың дамуы мен табысты әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайлар жасау;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

сабақтан тыс тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

4-параграф. Қосымша білім беру педагогтеріне қойылатын талаптар

15. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін педагогтерге мынадай талаптар қойылады:

1) «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін бейіні бойынша кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттер талап етіледі:

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін талдау;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру ұйымы деңгейінде ашық сабақтар мен (немесе) іс-шараларды жоспарлау және өткізу, сондай-ақ күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

аттестаттау кезеңінде білім беру ұйымы деңгейінде концерттерге, байқауларға, көрмелерге, акцияларға, челлендждерге, конференцияларға, фестивальдерге, саммиттерге және өзге де іс-шараларға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысу;

аттестаттау кезеңінде білім беру ұйымы деңгейінде жобаларға (шығармашылық, жұмыс, әлеуметтік, волонтерлік және өзге де) қатысу;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың білім беру бағдарламаларын меңгеруіне бағытталған әдістемелерді айқындау және қолдану;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, аудан (қала) деңгейінде ашық сабақтар мен (немесе) іс-шараларды жоспарлау және өткізу;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті

орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала) деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

аттестаттау кезеңінде аудан (қала) деңгейінде концерттерге, байқауларға, көрмелерге, акцияларға, челлендждерге, конференцияларға, фестивальдерге, саммиттерге және өзге де іс-шараларға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала), облыс, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

аудан (қала) деңгейінде топтардың қызметіне немесе жобаларды (шығармашылық, жұмыс, сараптамалық, әлеуметтік, волонтерлік және өзге де) іске асыруға қатысу;

білім беру ұйымы деңгейінде конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына немесе төрешілікке қатысу;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) шығармашылық және (немесе) кәсіби әлеуетін дамытуды қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін талдау және болжау;

білім беру ұйымы деңгейінде ашық сабақтар мен (немесе) іс-шараларды жоспарлау және өткізу;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың

уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде конкурстардың, жарыстардың жүлдегерлері болып табылатын білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

аттестаттау кезеңінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде концерттерге, байқауларға, көрмелерге, акцияларға, челлендждерге, конференцияларға, фестивальдерге, саммиттерге және өзге де іс-шараларға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың ұйымдары үшін) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарында жүлделі орындардың болуы;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде топтардың қызметіне немесе жобаларды (шығармашылық, жұмыс, сараптамалық, әлеуметтік, волонтерлік және өзге де) іске асыруға қатысу;

аудан (қала) деңгейінде конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына немесе төрешілікке қатысу;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

4) «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) бейіндік іс-шараларға (жобалар, конкурстар, фестивальдер, концерттер, жарыстар, көрмелер және өзге де) тартудың расталған динамикасын талдау;

білім беру ұйымы деңгейінде ашық сабақтар мен (немесе) іс-шараларды жоспарлау және өткізу;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары болып табылатын білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

аттестаттау кезеңінде республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде концерттерге, байқауларға, көрмелерге, акцияларға, челлендждерге, конференцияларға және өзге де іс-шараларға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы болу;

республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде топтардың қызметіне немесе жобаларды (шығармашылық, жұмыс, сараптамалық, әлеуметтік, волонтерлік және өзге де) іске асыруға қатысу;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және (немесе) республикалық деңгейде конкурстық комиссияларға, қазылар алқасына немесе төрешілікке қатысу;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту.

5-параграф. Білім беру ұйымдарының арнайы педагогтеріне, арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне және педагог-ассистенттерге қойылатын талаптар

Білім беру ұйымдарының арнайы педагогтеріне, арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, педагог-ассистенттерге біліктілік санатын беру (растау) үшін:

1) «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін бейіні бойынша кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттер талап етіледі:

арнайы педагогиканың мазмұны мен негіздерін білу (арнайы білімі жоқ педагог-ассистенттер үшін – педагогика және психология мазмұны мен негіздерін білу);

дағдылардың қалыптасу динамикасы;

балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін зерттеп-қарауды және бағалауды жүргізу;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды, дамытуды және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, танымдық және білім беру процесінің қағидаттарын, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен сабақ (сабақтар, қызмет, іс-шара) өткізу;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оларға жеке көзқарасты жүзеге асыру;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, оқытудың, тәрбиелеудің және түзетудің арнайы әдістерін қолдану;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өз тәжірибесін және әріптестері тәжірибесінің өзекті нәтижелерін талдау;

ата-аналармен (өзге де заңды өкілдермен) және педагогтермен өзара іс-қимыл жасау;

білім алушыларға (тәрбиеленушілерге), олардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне оқыту (тәрбиелеу, дамыту), зерттеп-қарау және бағалау нәтижелері туралы консультация беру және ақпараттандыру;

білім алушының (тәрбиеленушінің) дағдыларының қалыптасу (даму) динамикасын командалық бағалауды жүргізуге қатысу;

қауіпсіз және қолайлы білім беру және дамыту ортасын сақтау, өз жұмысында әдеп нормаларын қолдану;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды, дамытуды және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру;

қауіпсіз және қолайлы білім беру және дамыту ортасын қамтамасыз ету, өз жұмысында әдеп нормаларын басшылыққа алу;

машықтар мен дағдылардың қалыптасу динамикасын бағалау және қадағалау;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

конференцияларда, семинарларда, дөңгелек үстелдерде және өзге де іс-шараларда аудан (қала) деңгейінде тәжірибе тарату;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды, дамытуды және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру;

қауіпсіз және қолайлы білім беру және дамыту ортасын басқару, әріптестеріне әдеп нормаларын түсінуде қолдау көрсету;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде тәжірибе тарату;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың ұйымдары үшін) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

4) «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, танымдық және білім беру процесінің қағидаттарын, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен сабақ (сабақтар, қызмет, іс-шара) өткізу;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, практиканы зерттеу нәтижелерін ескере отырып, оқытудың (тәрбиелеудің, дамытудың) кіріктірілген процесін жоспарлау және іске асыру;

қауіпсіз және қолайлы дамытушы және білім беру ортасын құру бойынша тәжірибе тарату, әдеп нормаларын сақтаудың жеке үлгісін көрсету;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы

бекіткен тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қатысу (бар болса) немесе кемінде жиырма жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы;

республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде тәжірибе тарату;

педагог-ассистенттерді қоспағанда, инклюзивті және арнайы білім беру саласында баламалы, ғылыми дәлелденген түзете-дамыту әдістемелерін тарату және енгізу;

біліктілікті арттыру курстарынан өту.

6-параграф. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының педагогтеріне қойылатын талаптар

17. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін мынадай талаптар қойылады:

1) «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін бейіні бойынша кемінде екі жыл үздіксіз педагогикалық қызмет өтілінің болуы, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттер талап етіледі:

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақтарды (сабақ, қызмет, іс-шара) жоспарлау және өткізу және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын айқындау;

қауіпсіз және қолайлы білім беру және дамыту ортасын қолдау, өз жұмысында әдеп нормаларын қолдану;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өз тәжірибесін және әріптестері тәжірибесінің өзекті нәтижелерін талдау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде конкурстарға, жарыстар мен чемпионаттарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде жарыстарға және кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

буллинг, зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау факторларының алдын алу және ерте анықтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

2) «педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-модератор» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын меңгеруіне бағытталған әдістемелерді айқындау және қолдану;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, аудан (қала) деңгейінде ашық сабақтар мен іс-шараларды жоспарлау және өткізу;

қауіпсіз және қолайлы білім беру және дамыту ортасын қамтамасыз ету, өз жұмысында әдеп нормаларын басшылыққа алу;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дамуы мен әлеуметтік бейімделуін бағалау және қадағалау;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің және әріптестері тәжірибесінің нәтижелерін бағалау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала) деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес аудан (қала), облыс, республика (ведомстволық бағынысты республикалық ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

білім беру ұйымы деңгейінде буллинг, зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау факторларының алдын алу, ерте анықтау бойынша шаралар кешенін іске асыру;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

3) «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дамуын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын меңгеру нәтижелерін талдау;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде тәжірибе тарату;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың

уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) деңгейінде топтардың қызметіне немесе жобаларды (шығармашылық, жұмыс, сараптамалық, әлеуметтік, волонтерлік және өзге де) іске асыруға қатысу;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

буллинг, зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау факторларының алдын алудың, анықтаудың нәтижелі практикаларын енгізу және бейімдеу, сондай-ақ білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) табысты әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;

біліктілікті арттыру курстарынан өту;

4) «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін мынадай кәсіби құзыреттердің болуы талап етіледі:

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестік;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дамуын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын меңгеру нәтижелерін талдау;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дамуы мен әлеуметтік бейімделу динамикасын талдау;

республика деңгейінде тәжірибе тарату;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы

бекіткен тізбеге сәйкес облыстық және (немесе) республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде конкурстарға, жарыстарға қатысушы білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дайындау;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу;

қауіпсіз және қолайлы дамытушы және білім беру ортасын құру бойынша тәжірибе тарату, әдеп нормаларын сақтаудың жеке үлгісін көрсету;

республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлерде топтардың қызметіне немесе жобаларды (шығармашылық, жұмыс, сараптамалық, әлеуметтік, волонтерлік және өзге де) іске асыруға қатысу;

кәсіби қызметке алғаш кіріскен педагогтерді және (немесе) төменгі санаттағы педагогтерді білім беру ұйымы деңгейінде кәсіби сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асыру;

буллинг, зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау факторларының алдын алу, ерте анықтау бойынша шаралар кешенін енгізу тәжірибесін тарату;

біліктілікті арттыру курстарынан өту.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Педагогтердің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) аттестаттаудан өтуі үшін Платформа арқылы осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі.

Аттестаттау үшін құжаттарды тапсыру осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері, білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет Платформа арқылы көрсетіледі.

Құжаттарды Платформа арқылы тапсырған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Тәртіпке 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама түседі.

Өтініш Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түскен жағдайда, өтініш келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушылар Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» осы Тәртіпке 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне оларды көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Осы Тәртіпке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты «цифрлық үкімет» операторына, көрсетілетін қызметті берушілерге және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім немесе өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотта қарағанға дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа шағым жасауға жол беріледі.

5-тарау. Комиссияның құрамы мен қызмет тәртібі

24. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларында, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдерінде, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) 2026 жылғы 1 қыркүйегіне дейін мынадай біліктілік санаттары үшін Комиссиялар құрылады:

1) білім беру ұйымдарында: «педагог-модератор»;

2) ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім басқармасы органында: «педагог-сарапшы»;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім басқармасы органында: «педагог-зерттеуші»;

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін: «педагог-сарапшы»;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органда:

«педагог-шебер»;

ведомстволық бағыныстағы, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органдарының ведомстволық бағынысындағы білім беру ұйымдары үшін: «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші».

25. Комиссияның құрамына кемінде жеті жыл үздіксіз жұмыс өтілі және «педагог-сарапшы» (білім беру ұйымында), «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санатты басшы», «екінші санатты басшы», «бірінші санатты басшы», «басшының үшінші санатты орынбасары», «басшының екінші санатты орынбасары», «басшының бірінші санатты орынбасары» біліктілік санаттары бар педагогтер, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының әдіскерлері, кәсіптік қауымдастықтардың, қоғамдық, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім басқармасы органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары кіреді.

Комиссияның құрамына аттестаттаушы органда аттестаттаудан өтетін педагогтер енгізілмейді.

26. Комиссия кемінде 7 (жеті) мүшеден тұратын тақ саннан құралады. Комиссия төрағасы бірінші отырыста Комиссия мүшелерінің арасынан жасырын дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен сайланады. Дауыстар тең болған жағдайда қайтадан дауыс беру өткізіледі. Комиссия төрағасы пилоттық жобаны өткізу мерзіміне сайланады.

Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады. Комиссия хатшысы Комиссия отырысын өткізу үшін қажетті материалдар мен құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және қол қояды. Комиссия хатшысы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

27. Комиссия отырысы, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

28. Комиссия педагогтердің кәсіби цифрлық бейінін 2026 жылғы қыркүйектен бастап желтоқсанға дейінгі кезеңде қарайды.

29. Педагогтің кәсіби цифрлық бейінінің материалдары әртүрлі деректер базасынан құжаттарды (мәліметтерді) жинау және өңдеу арқылы Платформада қалыптастырылады.

Платформада әртүрлі деректер базасынан қалыптастырылатын цифрландырылған деректер немесе құжаттар (мәліметтер) болмаған жағдайда, деректерді білім беру ұйымының бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалған жауапты адам қолмен енгізеді.

Комиссия педагогтің кәсіби цифрлық бейініне өзгерістер немесе толықтырулар енгізбейді.

30. Комиссия мүшелері Платформа арқылы келіп түскен, Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды, оның ішінде осы Тәртіпке 5-қосымшаға сәйкес бақылау парақтарын 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

31. Комиссия мүшелері Платформа арқылы осы Тәртіпке 6-қосымшаға сәйкес педагогтің кәсіби цифрлық бейінін бағалау парақтарын толтырады.

32. Комиссия педагогтерді аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай тұжырымдамада қорытынды шешім қабылдайды:

1) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;

2) мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

«Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылданған кезде қолданыстағы біліктілік санатын сақтау немесе қолданыстағыдан төмен біліктілік санатын беру туралы шешім қабылданады.

Мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде Комиссия «мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді» деген шешім қабылдаған кезде қолданыстағы біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

33. Комиссияның шешімі осы Тәртіпке 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен рәсімделеді. Комиссия хаттамасынан үзінді көшірме Платформа

арқылы автоматты түрде осы Тәртіпке 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

34. Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттаушы орган осы Тәртіпке 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарады, ол Платформа арқылы білім беру ұйымына жіберіледі.

Білім беру ұйымы аттестаттаушы органның бұйрығы негізінде осы Тәртіпке 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогке біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлікті рәсімдейді және береді.

Берілген (расталған) біліктілік санатының қолданылу мерзімі аттестаттаушы орган біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарған күннен бастап бес жылды құрайды.

6-тарау. Қорытынды ережелер

35. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға ауысқан кезде немесе педагогикалық қызметті қоса атқару немесе қоса атқаратын жұмыс жағдайларында жүзеге асырған кезде немесе педагогті білім беру ұйымында қызмет бейініне сәйкес басқа лауазымға (оның ішінде әдіскер лауазымына) тағайындаған кезде педагогтің қолданыстағы біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

36. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына тағайындалатын педагогтерге, егер олардың соңғы: кемінде 5 (бес) жыл – «педагог-модератор»; 10 (он) және одан да көп жыл – «педагог-сарапшы» бейіні бойынша өндірісте жұмыс өтілі болған кезде, біліктілік санаты өтініш негізінде аттестаттау өткізілместен тиісті деңгейдегі Комиссиямен беріледі.

37. «Педагог (оқытушы)», «бөлімше (бөлім) меңгерушісі (басшысы)», «өндірістік оқыту шебері», «аға шебер», «әдіскер», «педагог-ұйымдастырушы» лауазымдарының бірі бойынша берілген біліктілік санаты көрсетілген лауазымдардың кез келгеніне ауысқан және педагогикалық қызметті қоса атқару

немесе қоса атқаратын жұмыс жағдайларында жүзеге асырған кезде сақталады және қолданылады.

39. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 «Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлер үшін тиісті қолдау шараларының топтамасымен үздік педагогтерді тарту қағидаларын бекіту туралы» қаулысына (бұдан әрі – Арнайы бағдарлама) сәйкес жұмысқа қабылданған педагогтерге өтініш негізінде тиісті деңгейдегі Комиссиямен өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аттестаттау рәсімінен өтпестен мынадай біліктілік санаты беріледі:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне – «педагог-модератор»;

«педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты барларға – бір деңгейге жоғары.

Басқа білім беру ұйымына ауысқан кезде педагогтер Арнайы бағдарлама шеңберінде берілген біліктілік санатын растау рәсімінен оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өтеді.

Кейінгі аттестаттау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өткізіледі.

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібіне
1-қосымша

нысан

Аттестаттау комиссиясының төрағасы

_____

Педагогтің аттестаттаудан өтуге өтініші

_____, ЖСН_____,
(ТАӘ (ол болған жағдайда)

Лауазымы _____,

Жұмыс орны _____,

Электрондық пошта _____

_____ біліктік санатына 20 ___ жылғы _____ біліктілік санатын беру/растау бойынша аттестаттауға қатысуға жіберуіңізді сұраймын

Қазіргі уақытта 20 ____ жылғы «___» _____ дейін жарамды _____ біліктілік санатым бар.

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібімен таныстым. 20 ___ жылғы «___» _____

_____-
(қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібіне
2-қосымша

Нысан

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Білім беру саласындағы уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері, білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кіші түрінің (бар болса) атауы	жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	«Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» цифрлық объектісі (бұдан әрі – Платформа)
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі: бір жұмыс күні
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электронды (цифрландырылған)
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Құжаттарды қабылдау туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.
7	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Тегін
8	Жұмыс кестесі	Платформа арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
9	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті жә-	1) өтініш; 2) білімі туралы диплом (цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

	не оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) педагогтің еңбек қызметін растайтын құжат (цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктің көшірмесі (біліктілік санаты бар адамдар үшін); 7) аттестаттау органының біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрығының көшірмесі (біліктілік санаты бар адамдар үшін); 8) педагогтің кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар; 9) педагогикалық қызметті бақылау парақтары; 10) білім алушылардың (тәрбиеленушінің) жетістіктерін растайтын құжаттар. Жеке басты куәландыратын құжаттар, білімі туралы құжаттар туралы мәліметтер «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінен алынады. 3), 5), 6), 7), 8), 9) және 10)-тармақшаларда көрсетілген құжаттар Платформада қалыптастырылады.
10	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту негіздері	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабына сәйкес берілетін, мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін шектеулі қол жеткізілетін дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
11	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Аттестаттау пилоттық жоба шеңберінде жүргізіледі. Аттестаттауға өтініш 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап 15 желтоқсанға дейін қабылданады. Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ болған жағдайда Платформадағы «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ 1414, 8 800 080 77777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібіне
3-қосымша.

Нысан

_____/
Көрсетілетін қызметті алушының ТАӘ (ол бар болса)/.

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттауға қатысуға өтініш қабылданды.

Осы хабарлама 20___ жылғы «____» _____ жіберілді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қолы _____

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібіне
4-қосымша.

Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, _____ құжаттарды қабылдаудан бас тартады. (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттардың толық емес пакетін ұсынуыңызға байланысты, атап айтқанда:

1) _____;

2) _____;

Осы хабарлама 20___жылғы «» _____ жіберілді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қолы _____.

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жобаны өткізу тәртібіне
5-қосымша

Нысан.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ұйымдастырылған іс-әрекетін (іс-шарасын) бақылау парағы

Педагогтің ТАӘ (бар болған жағдайда)		Бақылаушының ТАӘ (бар болған жағдайда)			
лауазымы, білік-тілік санаты		лауазымы			
ұйымдастырылған іс-әрекет					
Мектепке дейінгі ұйым		бақылау күні			
Жас тобы					
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің (іс-шараның) мазмұны					
ұйымдастырылған қызметтің (іс-шараның) міндеттері					
бағалау критерийлері					деңгей
1.	Жоспарлау	0	1	2	3
1.1.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің (іс-шараның) міндеттері				
	міндеттер ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұнына сәйкес келеді				
	нақты, ұйымдастырылған іс-әрекетте (іс-шарада) барлық тәрбиеленушілер үшін қолжетімді				
1.2.	Тәрбиелеу және оқыту әдістері				
	міндеттерге сәйкес келеді				
	тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді				
	барлық тәрбиеленушілердің білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді				
1.3.	Педагогтің тәрбиеленушілермен өзара әрекеттесу әдістерін, тәсілдерін бағалау				
	тәрбиеленушілердің жеке және ұжымдық мүдделерін, қажеттіліктерін қолдауды қамтамасыз етеді				
	тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді				
	тәрбиеленушілердің күн бойы болуының эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз етеді				
2.	Ұйымдастырылған іс-әрекетті (іс-шараны) өткізу				
2.1.	Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет (іс-шара) материалын ұсыну				
	терминдер мен ұғымдарды жүйелі және өзара байланысты меңгеру көрініс табады				
	материалды меңгеру және оны практикалық қолдану үшін тәрбиеленушілерге әдістер мен тәсілдер қолданылады				

2.2.	Цифрлық білім беру ресурстары мен қосымша дереккөздерді қолдану				
	ЦБР тәрбиеленушілердің жеке қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып пайдаланылады				
	ата-аналарға/заңды өкілдерге тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, қосымша дереккөздерге авторлық сілтемелер беріледі				
2.3.	Ресурстарды, саралау тәсілдерін қолдану				
	ресурстар тәрбиеленушілердің өзара әрекеттесуіне ықпал етеді				
	барлық тәрбиеленушілердің қажеттіліктері, қызығушылықтары және жеке ерекшеліктері ескеріледі				
	ресурстарды саралау барлық тәрбиеленушілердің қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына сәйкес келеді				
	барлық тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығын арттыру тәсілдерін қолданады				
2.4.	Күн тәртібі, уақытты ұтымды пайдалану				
	күн тәртібі сақталады, бұл ретте педагог тәрбиеленушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгерістер енгізу қажеттілігіне икемді әрекет етеді				
	күн тәртібіне сәйкес режимдік сәттерді өткізу кезінде уақыт ұтымды бөлінеді				
2.5.	Тәрбиеленушілердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру				
	өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын қолдануда теңгерім (ұтымдылық) сақталады (өзара әрекеттесу кезінде рөлдер бөлінеді)				
	өзара әрекеттесуді ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің жеке қажеттіліктері, қызығушылықтары ескеріледі				
	тәрбиеленушілер диалогқа, талқылауға белсенді қатысады				
2.6.	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іске асыру				
	тәрбиеленушілерде күнделікті өмірде жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз-өзіне қызмет көрсету, дербестік дағдыларын, заттар мен мүлікке ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру				
	тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі мен психоэмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге жағдай жасау, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу үшін коммуникативтік дағдыларды дамыту				
	балалардың мәдени-тілдік бірегейлікке қызығушылығын дамыту, оларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу				
3.	Тәрбиеленушілердің іс-әрекетін бақылау				
3.1.	Бақылау сәтіндегі тәрбиеленушілердің іс-әрекет түрлері				
	тәрбиеленушілерде өзін-өзі ұйымдастыру іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан				
	тәрбиеленушілердің жасына сәйкес келеді				
	тәрбиеленушілер белгілі бір іс-әрекетке қызығушылық танытады				
	Барлығы				
	Жиыны (max 81)				
ұсыныстар					

«Таныстым»

_____

Бақылаушының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Педагогтің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Орта білім беру ұйымы педагогінің сабағын (оқу сабағын, іс-шарасын) бақылау парағы

Педагогтің ТАӘ (бар болған жағдайда)		Бақылаушының ТАӘ (бар болған жағдайда)			
лауазымы, біліктілік санаты		Лауазымы			
пән					
білім беру ұйымы		Бақылау күні			
жалпы білім беретін пәндер циклінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары					
сабақтың тақырыбы, мақсаттары					
	Бағалау критерийлері	деңгейі			
1.	Жоспарлау	0	1	2	3
1.1.	Сабақ мақсаттары				
	оқыту мақсаттарына (күтілетін нәтижелерге) сәйкес келеді				
	нақты және барлық білім алушылар (тәрбиеленушілер) үшін қолжетімді				
	сабақ белгіленген уақытта өткізіледі, регламент сақталады. Қатысушылардың белсенді қатысуына (пікір білдіруге, сұрақтар қоюға) мүмкіндігі бар.				
1.2.	Оқыту әдістері және ресурстар				
	мақсатқа және күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді				
	жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді				
	білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді				
1.3.	Бағалау әдістері, құралдары (тапсырмалар)				
	мақсатқа және күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді				
	жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді				
	сабақтың (оқу сабағының, іс-шараның) барлық кезеңдерінде білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) өзін-өзі бағалау процесіне тарту жоспарланады				
2.	Оқыту (ұйымдастыру, өткізу)				
2.1.	Функционалдық сауаттылықты дамытуды ескере отырып, сабақ материалын ұсыну				
	терминдер мен ұғымдарды жүйелі және өзара байланысты меңгеру көрініс табады				
	әртүрлі дереккөздерден ақпаратты іздеу, алу және түсіндіру дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар қолданылады				
	білім алушылар материалды практикалық қолдану тәсілдерін анықтауға тартылады				
2.2.	Цифрлық білім беру ресурстары мен қосымша дереккөздерді қолдану				
	ЦБР жеке қажеттіліктерді ескере отырып пайдаланылады				
2.3.	Оқыту әдістерін, тапсырмаларды, ресурстарды, саралау тәсілдерін қолдану				
	оқыту әдістері білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өзара әрекеттесуіне ықпал етеді				

	білім беру қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері ескеріледі				
	тапсырмалар мен ресурстарды саралау білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді (оның ішінде оқу нәтижелері төмен білім алушылар үшін қосымша нұсқаулар беріледі)				
	сабақтың барлық кезеңдерінде білім алушылардың тақырыпқа танымдық қызығушылығын арттыру тәсілдерін қолданады (іс-әрекет түрлерін ауыстыру, эмоционалдылық, көзбен байланыс орнату, есімімен атау)				
2.4.	Сабақтың (оқу сабағының, іс-шараның) құрылымы, уақытты ұтымды пайдалану				
	сабақтың (оқу сабағының, іс-шараның) құрылымы сақталады, бұл ретте педагог білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қажеттіліктеріне сәйкес өзгерістер енгізу қажеттілігіне икемді әрекет етеді				
	уақыт ұтымды бөлінеді (тайм-менеджмент сақталады)				
	барлық білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) сабаққа қатысуы қамтамасыз етіледі				
	педагог пен білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) сауатты сөйлеу (балама коммуникация) теңгерімі сақталады				
2.5.	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өзара әрекеттесуін ұйымдастыру				
	жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын қолдануда теңгерім (ұтымдылық) сақталады (топтық жұмыс кезінде рөлдер бөлінеді)				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) талқылауларға белсенді қатысады				
2.6.	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іске асыру				
	сабақтың мазмұнында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарының жекелеген элементтері көрініс тапқан				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) білімді қоғамның, экологияның және елдің дамуымен байланыстыра отырып, өз оқуының практикалық және әлеуметтік маңыздылығын сезінеді				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) саналы тәртіпті көрсетеді, кешікпейді, дресс-кодты сақтайды, бір-бірінің жеке шекараларын құрметтейді				
	тапсырмаларды орындау кезінде академиялық адалдықты қамтамасыз ете отырып, «Еңбегі адал» қағидаты сақталады				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) мемлекеттік рәміздерге, тілге және ұлттық дәстүрлерге терең құрмет көрсетеді, туған мәдениетіне қызығушылықпен бойлайды.				
3.	Бағалау (мониторинг)				
3.1.	Бағалау әдістерін, құралдарын (тапсырмаларды) қолдану				
	бағалау әдістері, құралдары барлық білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) сабақтың (оқу сабағының, іс-шараның) мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуіне ықпал етеді				
	уақтылы кері байланыс, дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар беріледі (қажет болған жағдайда бағалау құралдарын пайдалана отырып)				
	сабақтың (оқу сабағының, іс-шараның) барлық кезеңдерінде өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді				
	рефлексия сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес келеді, дағдыларды дамыту жоспарланады				
4.	Рефлексия				
4.1.	Сабақ бойынша рефлексия				
	сабақты (оқу сабағын, іс-шараны) бағалау білім алушылардың мақсаттарға (күтілетін нәтижелерге) қол жеткізуі негізінде жүргізіледі				
4.2.	Сабақ (оқу сабағы, іс-шара) сапасын бағалау негізінде және практиканы дамыту бойынша бағыттар мен нақты іс-әрекеттер айқындалады				

	барлығы				
	жиыны (max 99)				
ұсыныстар					

«Таныстым»

_____

Бақылаушының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

_____

Педагогтің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы педагогінің сабағын (оқу сабағын, іс-шарасын) бақылау парағы

Педагог-тің ТАӘ (бар болған жағдайда)		Бақылау-шының ТАӘ (бар болған жағдайда)	
Лауазы-мы, білік-тілік сана-ты		лауазымы	
Пән			
Білім беру ұйымы		бақылау күні	
Сынып (топ, жеке сабақ)			
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары			
